

Жұмыстың тақырыбы: «Диқаншы мен тышқан»

Жұмыс номинациясы: Замандас ертегіші

Мұғалімнің аты-жөні: Малгеждарова Аида Талгатовна қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

«Жамбыл Жабаяев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Қарағаш ауылы

e-mail: aida030489

Диқаншы мен тышқан  
(ертегі)

Ертеде бір диқаншы өмір сүріпті. Бір күні диқаншы бидайының азайып бара жатқанын көреді. Сөйтіп, диқаншы бидайдың неге азайып бара жатқанын білмек болады. Түннің ортасында бір тышқан диқаншының бидайын ұрлап жатқанда қолға түседі. Өміріне қатер төнгенін сезген тышқан диқаншыдан өзін босатуын өтініп, кінәсінің орнын толтырып, диқаншыға жақсылық істеуге уәде береді. Тышқан бір жоспар құрып, хан қызына құда түсуді сылтау етіп, диқаншыны саудагер ретінде хан сарайына алып барады. Жол үстінде тышқан өзінің жоспарына сай саудагер киімін киген диқаншы мен ескі қоқыстарды суға итеріп жібереді. Бұл ісімен ол хан үшін көптеген қымбат сыйлықтар алып келе жатып, жолда су заттардың барлығын ағызып алып кеткен сияқты етіп көрсетпек болады. Хан тышқаннан болған оқиғаны естіген кезде, тышқан иесін киіндіріп алып келу үшін оған біраз киім беруге бұйырады. Тышқан диқаншыға барып, оны киіндіріп жатқан кезде: «Ей, диқаншы сарайға кірген кезде ар жақ бер жағыңа қарама, себебі сені түк көрмеген екен деп ойлап қалады»-деп кеңес береді. Саудагер киімін киген диқаншы мен артында келе жатқан тышқан хан сарайына жетеді. Сарайға кірген кезде, тышқан сәлем береді. Бірақ тышқанның айтқанын естен шығарған саудагер сарайдың ортасында сілейіп тұрып қалып жан-жағына таңырқай қарайды. Хан тышқанға қарап: «Барлық жерге зер салып қарап тұрғанына қарағанда, сенің иең түк көрмеген сияқты ғой?»-деп сұрайды. Тышқан: «Сіз иемнің тілін түсінбейсіз»-дейді. Хан: «Не айтып тұр?»-деп сұрайды. Тышқан: "Ештеңе. Ием ар жақ бер жағын қарап: «Мені қарғыс атсын. Қандай күйге түскенімді қара! Өзімнің анадай байлығым тұрғанда, ханның ескі-құсқысын кидім" деп ренжіп тұр» - деді. Хан ашуланса да сыртқа білдірмеген сыңай танытады. Саудагердің өлшемдеріне сәйкес киім тігіп, оған сарайдың бір бөлмесін дайындауды бұйырады. Бірнеше күн өтеді. Тышқан ханға барып: «Біз бұл жерге ішіп-жеп, ұйықтау үшін келген жоқпыз. Иемнің байлығы мен керуені далада қалды. Енді барып жағдайымызды не болғанын көруіміз керек. Сенің қызыңа құда түсу үшін келдік. Қызыңды бересің бе, бермейсің бе?»-дейді. Хан ойланып қызын береді. Қысқасы, хан қызы мен саудагердің некесін қидырып, қыздың жасауы ретінде қырық құл, жүкке толы қырық қашыр, қырық жылқы мен қырық түйені алып жолға түседі. Салы суға түскен диқаншы тышқанға: «Мыналарды мен қайда алып барамын? Менің ескі үйім мыналарға мекен бола ала ма?»-деп мұңын шағады. Тышқан: «Мен үйді дайындау үшін ертерек барып хабар берем»-дейді. Иесіне: «Мыналарды пәлен жерге, пәлен тауға алып бар»-деп, бір тау шыңындағы сарайда салтанатпен өмір сүріп жатқан үш аюды іздеп кетеді. Тышқан аюларға келіп, олармен амандасады да: «Мына алдағы шаңды көріп тұрсындар ма?»-деп сұрайды. Аюлар: «Ия көріп тұрмыз»-дейді. Тышқан: «Хан

қызының есі ауысты. Сарай емшісі аю майын жағудан басқа бұл ауруды емдеудің тәсілі жоқ деді. Енді өздерің білесіңдер. Мен сендерді аяймын. Бұл жерден кеткендерің дұрыс болады. Қанша жерден күшті болсаңдар да, күштерің хан әскеріне жетпейді»-дейді. Аюлар қашып кеткен соң тышқан сарайды дайындауға кіріседі. Диқаншы жұбайы және қасындағылармен сарайға жетеді. Салтанатты сарайды көрген кезде барлығы таң қалады. Тышқан рас айтыпты: хан сарайы диқаншы сарайының қасында ештеңе емес екен. Қысқасы, бұның бәрі өтті кетті. Бір күні тышқан диқаншыға келіп: «Ей диқаншы! Менің жақсылығымды көрдің. Енді маған мынаны айт: менің жаназамды қалай шығарасың?»-деп сұрайды. Диқаншы: «Сенің суретінді зүмірет табытқа салып, сені о дүниеге құрмет және салтанатпен шығарып саламын»-деп жауап береді. Бір күні тышқан өтірік өлген болады. Диқаншы келіп, аяқ киімінің тұмысығымен тышқанды ары-бері түртіп көреді. Шынымен де өлген сияқты. Бір құлды шақырып: «Мына тышқанды құйрығынан алып, далаға таста»-дейді. Тышқан орнынан атып тұрып: "Ей, тасжүрек диқаншы! Сені қай жерден қай жерге жеткізгенімді ұмыттың ба? Сонда менің құйрығымнан алып, далаға лақтырмақшысың ба? Қазір барып аюларды шақырамын" дейді. Тышқанның сөзін естігенде ханның қызы санын соғып: "Мәссаған! Мынау диқаншы екен ғой!"-дейді. Диқаншы: «Менің кінәмді кешіре гөр»-деп жалына бастайды. Тышқан: «Бұл жолы кешіремін»-дейді. Хан қызы қатты алаңдай бастайды. Тышқан: "Хан қызы, не болды, саныңды соғып? Диқаншы адам емес пе еді?"-деп айғай салады. Қыз бұл сөздерді ести салып, есін жинап, үнсіз қалады. Бірнеше күн өтеді. Тышқан тағы да өтірік өлген сыңай танытады. Диқаншы қорқақтап, тышқанға жақындайды да оны ары-бері аударып көреді. Шынымен де өлген сияқты. Көзі жеткен кезде құлды шақырып алып: «Мына тышқанды пәлен жерге апарып, жерге көм, иісі шығып кетпесін» деген кезде тышқан атып тұрып: «Бұл жолы сені кешірмеймін!»-дейді. Диқаншы қанша жалынса да, тышқан өз айтқанында тұрып, кетіп қалады. Тау мен тасты кезіп, ақырында аюларды тауып алады да, барлық шындықты айтып, кешірім сұрайды. Аюлардың келе жатқанын көрген диқаншы қашып құтылыды, хан қызы сарайына кетеді, ал тышқан болса аюлармен татуласып бірге өмір сүреді.